

**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің докторанты Мусаева Биназир Мұхтарханқызы 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша PhD докторлық ғылыми дәрежесін алуға «Павлодар облысы МОТР «Ертіс орманы» қарағайлы алқа ағаштарының жағдайына орманшылық баға беру және зиянкестердің әсері» тақырыбына орындаған докторлық диссертациясына**

## **ПІКІР**

Ертіс жолақ қарағайлы ормандарың соңғы 40 жыл ішінде биоэкологиялық жағдайының күрт өзгеруі орманды қалпына келтіру шараларының көлемі төмендеуі, өрттердің масштабтарының көбеюі, күтіп кесу жұмыстарының толық түрде болмауы және орманды заңсыз кесулермен жұмыстарымен сипатталады, сондықтан казір қолданып келе жатқан орманды қалпына келтіру тәсілдері соншалықты қарқынды және күтулі нәтиже бермейді. Сол себепті еліміздің қазынасына жататын қарағайлы жолақты ормандарды сақташуының жаңа амалын табу міндеті туындалап отыр.

Кейінгі 80-90 жыл ішінде Ертіс өніріндегі ормандары ауданы - 45% азайды делінген, яғни үлкен өрттің әсерінен жер жанған қарағайдың алдымен өскіні мен өркендері жойылатындықтан, оларды жедел қалпына келтіру кезде жас өскіндердің саны айтарлықтай азаятындығы айтылған .

«Ертіс орманы» МОТР РММ да қарағай екпелерін  $1,5 \times 0,5$ ;  $1,5 \times 0,75$  м сұлбасы байынша отырғызылған, мұндай отырғызу сұлбасы биологиялық тұрақтылықты ескермейді, екпелер тым тығыз орналасқан, қазіргі таңда күтіп кесу жұмыстары болмағандықтан ағаштар тым әлсіз, қоректік орталары аз, ылғалдың жетіспеушілігі орман алқаптарының қысқаруы мен жойылуына әкеп соғады.

Ертіс өнірінің ормандары көбінесе қылқан жапырақты ағаштардан құралған, әсіресе мұнда кәдімгі қарағайлар басым кездеседі. “Ертіс орманы” резерваты аумағында ерекше таспалы құмды қарағайлы орман табиғи түрде өсіп дамыған. Бұл типтегі орман елімізде тек Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында ғана тараған. Ертіс өнірі қарағайлы ормандары соңғы 30 жылда айтарлықтай орман ауданынан айырылған. Оларға түрлі себептер орман өрті, заңсыз кесулер, зиянкестердің жаппай көбейінің және т.б. жағдайлар әсер етуде. Орман өрті салдарынан 1994-2020 жж. аралығында орманмен көмкерілген ауданның  $1/3$  бөлігі өртеніп кеткен. Осы себептердің салдарынан орманды ауданның санитарлық жағдайы күрт төмендеп, түрлі аурулар мен орман зиянкестерінің көбейіп тарауына себепші болуда. Ормандағы өрт және заңсыз кесулердің салдарынан орман толымдылығы төмендеп дауыл сұлатпалардың пайда болуы да өз кезегінді санитарлық жағдайдың одан әрі төмендеуі мен зиянкестердің қаптауына қолайлы жағдайлар туғызып отыр.

Осыған байланысты, Б.М. Мусаеваның докторлық диссертация тақырыбы өте өзекті, теориялық білімді толықтыруына мүмкіндік береді.

Автордың зерттеулері 2016-2020 жж. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен «Ертіс орманы» МОТР РММ арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық туралы Келісім шарт негізінде жүргізілді.

Докторант Б.Мусаева Польша Республикасы, Варшава қаласындағы Жаратылыстану университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, орман қорғаудың алдыңғы қатарлы әдістемелерін игерді және оларды өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданды.

Жалпы, докторант Б.Мусаева докторлық диссертацияны орындау барысында жүргізілген ғылыми-ізденіс жұмыстары негізінде 14 ғылыми мақалаларын баспаларда жариялады, оның ішінде 1 мақала шетелдік «Web of Science» базасында, 4 мақала ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда бекіткен ғылыми журналдарда және 9 халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдары жинақтарында жарық көрді.

Жоғарыда айтылған деректер негізінде, докторант Б.Мусаеваның 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Павлодар облысы МОТР «Ертіс орманы» қарағайлы алқа ағаштарының жағдайына орманшылық баға беру және зиянкестердің әсері» тақырыбындағы докторлық диссертация жұмысының өзектілігі, жаңалығы, өндіріске қажеттілігі жағынан құнды ғылыми жұмыс деп табылады, ал докторант Мусаева Биназир Мұхтарханқызы PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі, а.-ш.ғ.д., доцент

Д.Н. Сарсекова

Д.Н.Сарсекованың қойған қолын күзәландырамын:

Фалым хатшы

Г.М. Дерипсалдина

